

"Қуатамлонмұнай" бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 6 қыркүйек 1994 ж. N 998

Оңтүстік Торғай ойпатындағы көмірсутегі шикізатын өндіру жұмыстарын тездету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қуат" холдинг компаниясы мен "Амлон Трейдинг Лимитед" ағылшын фирмасының қатысуымен және Республиканың Қоныс, Бектас кен орындарының көмірсутектерін жете барлау, игеру, өндіру, тасымалдау, экспортқа шығару және сату жөнінде "Қуатамлонмұнай" бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісім мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі бөлінген кен орындарына бұрын берілген актілерге сәйкес келісімнің күші бар мерзімге Оңтүстік Торғай ойпатындағы Қоныс және Бектас кен орындарындағы көмірсутегі шикізатын жете барлау мен өндіру үшін "Қуатамлонмұнай" бірлескен кәсіпорнына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары,

Қызылорда облысының әкімі белгіленген тәртіппен жасалған келісім шеңберінде "Қуатамлонмұнай" бірлескен кәсіпорындары қызметінің ұйымдастыру мәселелерін шешуге көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Қуатамлонмұнай" бірлескен кәсіпорнының жұмыстарын орындау барысында Қазақстан Республикасының мүддесін сақтау үшін бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі